

ҚАЗІРГІ ХРИСТИАНДЫҚ АЯСЫНДАҒЫ КОНФЕССИЯРАЛЫҚ КЕЛІСІМ МҰРАТТАРЫ

XXI ғасырда адамзат жаһандық өркениеттің жаңа шыңына аяқ басты. Жаңа ғасыр адамзатқа ортақ өркениетті мәдениетаралық, дінаралық келісімдер және тең құқылы өзара әріптестік негізінде дамытуға мүмкін екендігін айқындап отыр. Жаһандық сын-қатерлер (саяси оқшаулау, экономикалық санкциялар, сауда жанжалдары, ақпараттық соғыстар, түрлі фобиялар, лаңкестік, әлемнің саяси картасын жаңадан қарауға талпыныс, геосаяси және геоэкономикалық мүдделер қақтығысы, империялық пиғылдардың қайта оянуы) адамзаттың бүгінгі мен болашағына қатер төндіретіні анық. Сондықтан қазіргі кезде туындаған мәселелерді бейбіт шешу жолдарын іздеу маңызды. Қазақ елінің бастамасымен өткізілген әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съездері мәдениеттер мен халықтар арасында түсіністік философиясын қалыптастыру мен дамыту жолын айқындап берді. Қазақстан–2050 Стратегиясында «Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі беретін артықшылықтарды да пайдалануымыз керек. Осы әңгімелесу алаңының базасында діни ыңғайдағы дауларды шешудің жаңа платформасын жасауымыз қажет.

Біз діни және этностық дауларды шешу үшін аймақтағы ыстық нүктелерде, Үлкен Таяу Шығыс аясында, тіпті одан да ауқымды деңгейде арағайындық жасауға дайын болуымыз керек» діни дауларды бейбіт жолмен шешу жолы ұсынылған болатын [1].

Діндердің рухани әлеуеті мен діни лидерлердің беделін түрлі келіспеушіліктер мен кикілжіңдерді шешу жолына бағыттауға болатындығын уақыт көрсетіп отыр. Қазақ елінің дінаралық келісімді ардақтайтын ұстанымы алуан түрлі өркениеттер мен мәдениеттер үшін үлгі болып отырғандығы Рим Папасы мен ОПШ Патриархының мың жылдан кейінгі тарихи кездесуі дәлелдеді. Қазіргі христиандық универсализмнің мәні-христиандық мәдениет аясында ортақ құндылықтарды ұстану.

Христиандық тарихында қалыптасқан үш бағыттың ілімдік және ғұрыптық ерекшеліктері тарихи кеңістік пен уақыт аясында қалыптасты.

Қазіргі әлемнің 2 млрд. христиан сеніміндегі халықтардың 1,3 млрд. католик дінін ұстанушылар, соның ішінде 17 млн. шығыс ғұрыптағы католиктер. Протестанттар – англикан

шіркеуі және дербес шіркеулерді қосқанда 800 млн. жуық. 15 автокефальды шіркеулерден тұратын православиелік бағытты ұстанататындар саны 220-230 млн. Қазіргі христиан дүниесінде әлем католиктерінің рухани тірегі Ватиканың халықаралық саясаттағы орны мен ықпалы зор. Заманауи әлемде Ватикан конфессиональды оқшауланудан шығып, христиандық бірлікке жетелейтін жолды іздеуде.

Рим Папасы – жоғары суверенді понтифик. Халықаралық құқықта айрықша белгісі бар суверенді тұлға. Рим Папасына өзара ажырамас үш қызмет тән:

Монарх және Қасиетті Тақ иесі;

Әулие Петрдің ізбасары – католик шіркеуінің басшысы және шіркеулік ең жоғарғы дінбасы;

Ватикан – мемлекетінің басшысы.

Папалық -Рим епископаты негізінде V ғасырда қалыптасты. 756 жылы франк королі Пипин Рим маңындағы жерді рим Папасы I Стефанға сыйлаған соң Папа папалық облыстың зайырлы билеушісіне айналды. 1059 жылы Латеран Соборы Рим Папасын тек кардиналдар сайлайтыны туралы шешім шығарды. Бұл уақытқа дейін Папаларды дінбасылар мен зайырлы билік өкілдері бірге сайлайтын болған. Рим Папаларын сайлауға Рим империясының басшыларының ықпалы елеулі болды. 1309 жылдан 1377 жылға дейін Рим Папаларының резиденциясы Авиньонда болды. Жүз жылдық соғыс нәтижесінде күш қуатынан айрылған Францияның әлсіреуінен соң папа резиденциясы Римге оралды. XVI ғасырда шіркеудегі бөлінушілік (реформация) нәтижесінде Рим Папасының ықпалы әлсіреді. 1870 жылы папалық облыстың жойылуымен Папаның зайырлы билігі тоқтатылды. 1929 жылы 11 ақпанда Рим папасы XI Пий және Италия үкіметінің басшысы Б. Муссолини қол қойған Латерандық келісім негізінде Папа қайтадан зайырлы билікті қолына алып, Ватикан басшысы атанды. Ватиканның ресми органы – «Обсерваторе Романо» күнделікті газеті. Бұл газеттің тиражы 30 мың данадай. Ватиканның 32 тілде хабар тарататын радиосы бар. Папа діни қызметкерлер мен лауазымды қызметтегі тұлғаларды бес жылға тағайындайды. Осы мерзім өткенде лауазымды тұлға қызметтен босатуды сұрайды. Жасы 75-ке жеткен адамдар Қасиетті тақтың басқарушы қызметкерлері қатарына тағайындалмайды. Заманауи әлемдегі католиктік иерархтарының саны 4500-ге жуық. Католик шіркеулерінде қызмет атқаратын 405 мыңнан астам дінбасылардың 265 мыңнан астамы епархиялық дін өкілдеріне жатады. Католиктік монахтар саны – 55 мыңнан аса-

ды. Ватиканда 1603 жылдан құрылған папалық Ғылым академиясы жұмыс жасайды. Әкімшілік істерін кардинал комиссиясы және губернатор басқарады. Шіркеулік және саяси істерді Рим куриясы басқарады. Папа жанынан кеңес беру дауысына ие Шіркеу Синоды қызмет жасайды. Рим папасын кардиналдардан тұратын конклав сайлайды. Ватикан әлемнің 100-ден аса елдерімен дипломатиялық қатынас орнатқан. 2013 жылы ақпанда ұлты неміс Рим папасы Бенедикт XVI өз еркімен қызметінен бас тартты. Өз еркімен қасиетті тақтан бас тартқан 1415 жылдары Рим папасы Григорий XXII болатын. 2013 жылы наурызда 266-шы Рим папасын сайлауға 115 кардинал қатысты. Тұңғыш рет иезуит орденінің мүшесі, латынамерикандық, Буэнос-Айрес архиепископы Хорхе Марио Бергольо Рим папасы болып сайланды. 76 жастағы Рим папасы Франциск атын алды. Ол 2014 жылы Стамбул қаласында Сұлтан Ахмет мешітінде Түркия мүфтиімен бірге дұға жасады. Ол Константинополь патриархатының канондық жерінде ғаламдық патриарх Варфололеймен кездескен бірінші Рим Папасы. 2015 жылы қыркүйекте Рим Папасы АҚШ ресми сапармен барды. Франциск АҚШ сенаты мен өкілдер палатасының біріккен мәжілісінде сөз сөйлеген бірінші понтифик. Осы сапарында Ақш пен Куба басшыларын жарты ғасырлық текетірестен бас тартып келісімге келуге шақырған болатын. 2016 жылы АҚШ президентінің Кубаға ресми сапары жоспарланған. Рим Папасы 2015 жылдың 26 қарашасы мен 2016 жылдың 8 желтоқсаны арасын мерейтой жылы деп жариялады. Мерейтой жылы әрбір 25 жыл сайын белгіленеді. Алайда понтифик бекітілген тәртіптен тыс мерейтой жылын жариялауға құқылы. Мерейтой жылы күнәлар кешіріледі. Папа кешірім жылын бір діннің екі бағыты арасындағы мыңжылдық текетірестен туындаған кикілжіндерді тоқтатуға арнаған тәрізді. Қазір Ресей саяси оқшаулану және экономикалық санкциядан шығу жолын іздестіруде. Сондықтан Кремль патриарх Кириллді рим Папасымен кездесуге көндірген болуы керек. 1990 жылдары Папа II Иоанн Павел ОПШ Патриархымен өзара түйткілді мәселелерді талқылау үшін кездесуге ұмтылған болатын. 1996-1997 жылы Патриарх II Алексей Ватиканға қоятын шарттарымыз бар деп кездесуден бас тартқан. 2000 жылы мерейтой жылын II Иоанн Павел жариялаған болатын. Әлем католиктерінің 50 пайызы латынамерикасында тұрады.

1963-1978 жылдары қасиетті тақтың иесі болған Рим Папасы VI Павел христиандық экуменистік қозғалысқа ерекше мән берді. Ол 1964

жылы Константинополь патриархы Афинагормен кездесті. Бұл XI ғасырдағы екі шіркеу арасындағы даудан соң болған алғашқы кездесу болатын. VI Павел 1960 жылы Кентербери архиепископы Артур Майкл Рамсаймен кездесті. Бұл ағылшын реформациясынан кейін болған бірінші кездесу болатын. VI Павел 1964 жылы Бомбейде Маланкар православ шіркеуінің басшысымен, ал 1973 жылы копт патриархымен Ватиканда кездесті.

Христиандық үш конфессияның бірі – православияның діни ілімі – Інжіл және Қасиетті Мирасқа сүйенеді. Православиялық богословияның басты қағидалары ғаламдық соборлар дәуірінде қалыптасты. Православтар католиктерді бидғатшы деп санайды. Себебі, католиктер Никей-Константинопольдық сенім символын бұзушылар (филиокве), екіншіден, олар Біртұтас Соборлы Апостоль шіркеуінен бөлініп шыққан – схизматиктер деп есептеледі. Ал католиктер болса, православтарды схизматиктер деп санайды. Схизма термині 484 жылғы христиан шіркеуіндегі бірінші бөлінуді белгілеу үшін қолданылады. Бұл 35 жылдық бөліну император Анастасий және Константинопольдық жоғарғы дін басылары ұстанған монофизиттік саясаттан туындаған болатын. Шығыс пен Батыс шіркеулері арасындағы бөліну Константинополь патриархы Акакия атымен аталады. Император I Юстиниан империя тұтастығын сақтау мақсатында Константинополь және Рим патриархтарын 515 жылы ортақ келісімге қол қойдырды.

Христиандықтың шығыс бағытын ежелгі Киев Русі 988 жылы қабылдады. 1448 жылы Мәскеу патриархаты Константинополь патриархатынан бөлінді. 1459 жылы Ресейде митрополитті сайлау тәртібі өзгертіліп, Мәскеу және бүкіл Русь митрополиті мәртебесі бектілді. Мәскеу князінің келісімінен соң ғана митрополитті орыс епископтарының соборында сайлайтын болды. 1721 жылы I Петр патша пәрменімен патриарх сайлауға тыйым салынып шіркеуді коллегиялды орган Қасиетті Синод басқаратын болды. 1835 жылы Қасиетті Синод жанындағы обер-прокурор православ шіркеуі мен билік арасындағы делдалдық атқаратын министр құқығына ие болды. Патшалы Ресейде православ шіркеуі мемлекет тарапынан қаржыландырылып, православиялық діни мерекелер ғана ресми атап өтілді. Православ дінін ұстанатын адамды өзге сенімге (католиктік, протестанттық) тартқандар барлық құқығынан айырылып, Сібірге жер аударылды. 1918 жылы патриарх сайлауы қайта қалпына келтірілгенімен, 1925 жылы мемлекеттік атейс-

тік жүйе патриарх сайлауға қайта тыйым салды. 1943 жылы билік халықтың рухын көтеру үшін патриархат құруға және патриарх сайлауға рұқсат берді. Осы жылдан патриархат ОПШ деген ресми атауға ие болды. 1988 жылы Кеңестер елінде ежелгі Киев Русінің шоқынудың 1000 жылдық мерейтойы ресми атап өтілді. 1991 жылдан Ресейде ОПШ заңды тұлға мәртебесіне ие. Православтарда діни және зайырлы биліктің симфониясы туралы концепция бар. Мемлекет шіркеудің ішкі ісіне, әсіресе діни ілім мәселесіне араласпайды, ал шіркеу мемлекеттің зайырлы өмірін қадағаламайды. Мемлекет пен шіркеу өз мақсаттарын дербес айқындайды, ал қажет болғанда бір-біріне көмектеседі. Бұл ұстаным билік пен ОПШ арасындағы үйлесімді әріптестіктен байқалады. Әлемдік православияның біртұтас басшылығы жоқ, бірақ православ шіркеуінің бірлігі бір діни ілім және құпиядағы өзара қатынастан көрінеді.

1964 жылы Данияның Ааргус қаласында православ шіркеуінің діни ойшылдары мен антихалкидондық шіркеулер төмендегідей келісімге келді, православ шіркеулері несториандық ілімді қабыл алмайды. Халкидондық емес шіркеулер, соның ішінде Армян шіркеуі монофизиттік емес. Монофизиттік бұл – Евтихийлік ересь. Антихалкидондық шіркеулер өздерінің христологиялық ілімін миафизиттік деп атайды. 1985 жылы православ шіркеулері және халкидондық емес шіркеулер арасында ресми үнқатысу басталған болатын. Алайда, 15 автокефальды православ шіркеулерінің 11-і қорытынды құжатты бекітуден бас тартты. Бұл сұхбаттастықтың мақсаты таяу арада іске аса қоюы қиын. Ежелгі шығыс шіркеулері византиялық дәстүрдегі православтық шіркеулермен евхаристиялық қатынас орнатпаған.

ПШ догматикалық ұстанымы бойынша шіркеу басшысы – Иисус Христос, епископтардың зайырлы билігін мойындамайды.

2000 жылы қыркүйек айында ОПШ Архиерей Соборы ОПШ әлеуметтік концепциясының негіздерін қабылдады. Бұл концепцияда мемлекет-шіркеу қатынастары және заманауи қоғамдық маңызды мәселелер төңірегінде діни ілім негіздері баяндалады. Атап айтсақ, негізгі богословиялық мәселелер, шіркеу және мемлекет, христиандық этика, зайырлы құқық, шіркеу және саясат, еңбек және еңбек өнімдері, соғыс және әлем, қылмыс және жаза, отбасы, қоғамдық әдеп, тұлға және халық денсаулығы, биоэтика мәселелері, зайырлы ғылым, мәдениет, білім беру мәселелері, шіркеу және зайырлы БАҚ,

халықаралық қатынас, жаһандану және секуляризм мәселері қамтылған. ОПШ Поместьелік соборы діни ілім және канондық құрылым саласындағы жоғарғы билік органы болып саналады. ОПШ жоғарғы билік органдары жүйесіне Архиерей соборы, патриарх, Қасиетті синод, поместьелік собор кіреді. Архиерей соборы және Қасиетті синод құрамы тек архиерейлерден құралады. Поместьелік собор құрамына дін қызметкерлері, монахтар, миряндар кіреді. Қазіргі жарғы бойынша поместьелік соборды Архиерей соборы, ерекше жағдайда патриарх, кейде патриарх тағын қорғаушы және Қасиетті Синод шақыра алады. Патриарх орынтағына кандидаттарды Архиерей соборы жасырын дауыс беру арқылы үш үміткер сайлайды. Поместьелік собор қосымша кандидат ұсынуға құқылы. Үміткерлердің жасы 40-тан асқан, жоғары діни білімі мен епархия басқару тәжірбиесі бар, әрі архиерейлер, пастырлар, миряндар арасында беделді және ОПШ архиерейі болуы керек.

ОПШ әлеуметтік концепция негіздері Синодальды мекемелер, епархиялар, монастырлар, приходтар және канондық шіркеу мекемелері үшін міндетті және мемлекеттік билік орындарымен, зайырлы бірлестіктер және ұйымдармен, зайырлы БАҚ өкілдерімен өзара қатынаста басшылыққа алынады. Бұл құжат Мәскеу патриархатына қарасты діни оқу орындарының оқу бағдарламасына енгізілген. Мемлекет пен қоғамдық өмірдегі өзгерістерге сай шіркеу үшін жаңа маңызды өзекті мәселелер туындаса, аталған әлеуметтік концепция негіздері жетілдіріледі. Бұл үдеріс нәтижелері Қасиетті Синодпен, Поместьелік және Архиерей Соборымен бекітіледі.

1993 жылы Қасетті Синод дін қызметкерлеріне заң шығару орындарына үміткер ретінде тіркелмеу туралы қаулы қабылдады. Бұл шешімді бұзған дін қызметкерлері лауазымы мен діни атағынан айрылады. Сондай-ақ ТМД елдеріндегі ОПШ дін қызметшілеріне билік органдарына сайлануға қатыспау керектігі көрсетілді. 1994 жылы ОПШ Архиерей Соборы Синод шешімін мақұлдады.

Соңғы жылдары Ресей билігі православтық діни құндылықтар мен ескерткіштерге ерекше мән бере бастады. Ресейдің қоғамдық-саяси және мәдени кеңістігінде 1997 жылы Ресей православ азаматтар одағы, 2009 жылы Ресейде православ әйелдер одағы құрылды. 2015 жылы қаңтарда Бүкіл Ресей және Мәскеу патриархы Кирилл мемлекеттік думада сөз сөйледі. 2012 жылы құрылған «Божья воля» православтық қоғамдық қозғалысы Ресей қоғамдық-саяси өмірінде пра-

вославтық құндылықтарды орнату және қорғау мақсатын көздейді. Бұл қозғалыс сектанттық ұстаным мен оккультизмге, сатанизмге қарсы күреседі. Қозғалыстың белсенді мүшелерінің орта жасы 20-30 құрайды. 2013 жылы маусымда Ресейде «Діндарлардың діни сезімін қорғау туралы» федеральды заң қабылданды.

Ресей федеральды медиа кеңістігінде ОПШ белсенді жұмыс жүргізуде. ОПШ жетекшілерінің әлеуметтік желілерде парақшалары бар. Қазіргі кезде Ресейде православтық ғаламтор желісі «Елицы» жұмыс жасайды. Ресейде православтық «Союз», «Спас», «Радонеж», «Радость моя» телеарналары мен «Музсоюз» православиялық музыкалық телеарналары жұмыс жасауда. Сонымен бірге, православтық ақпараттық-аналитикалық «Царьград» телеканалы ашылуда. «Вера» радиосы жұмыс істейді. Мәскеу қаласында ОПШ қарасты 900-ге жуық ғибадатхана бар. ОПШ және билік орындарының қолдауымен Мария Ана белбеуі, Көріпкелдер сыйы, Жеңімпаз Георгий діни жәдігерлері Грекиядағы Афон монастырынан Ресейдің ірі қалалары мен ТМД бірқатар елдеріне жеткізілді. 2010 жылдан Ресей мектептерінде діни мәдениет негіздері пәндерін оқыту апробациядан өтті. 2012 1 қыркүйектен бастап жалпы мектептерде діни мәдениет негіздері пәндеріне жылына 34 сағат бөлінген. Бұл бағдарламада православ мәдениетінің орыс тарихы мен рухани өміріндегі орны мен ролі айқындалған. 1995 жылы М.В. Ломоносов атындағы ММУ-де әулие Татьяна ғибадатханасы қайта ашылып, ғимарат ОПШ-ға берілді. Православтық студенттік қауым «Татьяна күні» газетін шығарады. Бұл ғибадатхана тарихы 1791 жылдан басталады. Шіркеу 1919 жылы халық комиссарлар кеңесі қаулысымен жабылды. Кеңестік заманда бұл шіркеу ғимаратында оқу залы, студенттік клуб, студенттік театр орналасты.

Ресейде қоғамдық негізде дін қызметшілері (капелландар) қорғаныс министрлігінің 800-ге жуық гарнизонында қызмет етуде, 500-ге жуық гарнизонда ғибадатханалар бар. Әскери қызметке шіркеу қызметкерлерін тартуға көңіл бөлінуде. Посткеңестік елдерде қоғамдық пікірде айтыс-тартыс тудырып отырған Георгий лентасы туралы айтар болсақ, әулие Георгий III ғасырда өмір сүрген діни сеніміне адал жауынгер болған. Иконаларда найза ұстаған қалыпта бейнеленеді. Әулие Георгий жауынгерлік өнердің жебеушісі, әулие Георгий Ресей гербінде бедерленген. Сонымен бірге, Георгий Мәскеу, Прага, Барселона қалаларының жебеушісі ретінде құрметтеледі.

ОПШ діни ғұрпында Ұлы Василий және Иоанн Златуст құрастырған литургияны ұстанады, Иисус өсиет еткен евхаристияны сақтайды, иконалар қастерленеді, храмда мүсіндер болмайды. 1551 жылы өткен Стоглав соборы шешімі бойынша икондарды икон салушы Андрей Рублев (1360-1428) үлгісі негізінде салу керек. Шіркеулік ән және дінбасылар киімі, крест салтанаты бөлек, алтарь құрылысы да өзгеше, православиялық ғұрыпта тізе бүгу және күшпен шоқындыру жоқ. ХХІ ғасырда ОПШ тарихындағы маңызды оқиға саяси-әлеуметтік себептер салдарынан құрылған Шетелдегі ОПШ және Мәскеу патриархаты арасында канондық келісімге келуі.

Шетелдегі ОПШ құрылуына түрткі болған оқиғалар мен алғышарттар 1917 жылғы төңкеріс, Ресейдегі азаматтық соғыс, эмиграция салдары, діндарларды қудалау және т.б. 1927 жылы митрополит Сергей декларациясынан бас тартқан олар жеке шіркеу болып бөлініп шықты. Шетелдегі ОПШ бұрынғы Кеңестер одағында бүлікшіл, антисоветтік, монархиялық, діни-саяси топ ретінде қарастырылды. 1919 жылы мамыр айында Ставрополь аймағында Ресейдің Оңтүстік Шығысының уақытша жоғары шіркеу басқармасы құрылды. 1920 жылы патриарх Тихон қаулысымен бұл ұйым заңдастырылды. 1921 жылы қараша айында Сербияда бұл ұйымның құрылтай жиналысы өтті. 1927 жылы шетелдегі ОПШ Архиерей Соборы Мәскеу патриархатымен қатынасын үзді. 1945 жылы шетелдегі ОПШ басшылық орталығы Мюнхен қаласына көшірілді. 1946 жылы шетелдегі ОПШ Архиерей Синоды құрылды. 1949 жылы шетелдегі ОПШ Архиерей Синоды АҚШ-на қоныс аударды. 1952 жылы Нью-Йоркке көшірілді. 1991 жылы тамызда Мәскеу патриархы II Алексий шетелдегі ОПШ толық автономдығын сақтай отырып, МП ОПШ қосылуға ұсыныс жасады. Шетелдегі ОПШ Архиерей Соборы бұл ұсыныстан бас тартты. Шетелдегі ОПШ-ның догматикалық ерекшеліктері жоқ және автокефальды шіркеу мәртебесіне алуға ешқашан ұмтылмаған. 2000 жылы шетелдегі ОПШ Соборы Мәскеу патриархатымен жақындасу жылы деп жариялады. 2003 жылы екі шіркеу арасында евхаристиялық қатынас орнату үшін комиссия құрылды. 2004 жылы шетелдегі ОПШ басшысы митрополит Лавр Мәскеуге бірінші рет ресми сапармен келді. Сан-Францискода өткен IV бүкіл шетелдік ОПШ Соборы МП ОПШ-мен бірігуді толық мақұлдады.

2007 жылы мамыр айында Мәскеудегі Құтқарушы Христос шіркеуінде Мәскеу патриархы II Алексий және шетелдегі ОПШ басшысы митрополит Лавр канондық қатынас актісіне қол қойды.

Шетелдегі ОПШ помещьелік ОПШ өзін-өзі басқаратын бөлігі болып табылады. Шетелдегі ОПШ 9 епархиядан тұрады: 1) Шығыс Америка және Нью-Йорктік; 2) Чикаго епархиясы; 3) Сан-Франциско; 4) Монреаль және Канада епархиясы; 5) Австралия және Жаңа Зеландия епархиясы; 6) Оңтүстік Америка епархиясы; 7) Женева және Батыс Сурана епархиясы; 8) Берлин және Германия епархиясы; 9) Ұлыбритания және Ирландия епархиясы. Әкімшілік орталығы Нью-Йоркте орналасқан.

Сонымен қатар, Сан-Франциско қаласында православ институты және Джорданвилл діни семинариясы, екі ерлер және бір әйелдер монастырлары бар. Шетелдегі ОПШ басшысын Архиерей Соборы сайлайды және Мәскеу патриархатының Қасиетті Синоды және бүкіл Ресей патриархы бекітеді. Шетелдегі ОПШ Архиерей Соборы мен Синоды сайлаған архиерейлерді Қасиетті Синод және Мәскеу патриархы бекітеді. Шетелдегі ОПШ жоғарғы органы – ОПШ помещьелік және Архиерей Соборлары. 2007 жылғы деректер бойынша шетелдегі ОПШ құрамында 400 аса приходтар, 30 аса монастырлар болған. Құлшылық шіркеу тілі – славян, ағылшын, француз, испан. Күнтізбесі – юлиандық. 2016 жылы күзде Кипрда ғаламдық бүкілправославиялық собор өткізіледі.

Посткеңестік елдер кеңістігіндегі ОПШ қызметін саралайтын болсақ. ОПШ 1990 жылы қаңтарда ОПШ Архиерей Соборы Украин және Белорусс экзархаттарына кең автономия беруге шешім қабылдады. Украина ПШ және Белорусс ПШ атауына ие болуға және Синод құруға, өз аумақтарындағы епархияларға сот ісі, заң шығару, атқару биліктеріне өкілдіктер берілді. 1990 жылы қарашада УПШ Синоды шешімімен I Помещьелік Собор өтті. Соборда УПШ жаңа жарғысы қабылданды. Бұған дейін УПШ басшысына Киев және бүкіл Украин митрополиті мәртебесі берілген болатын. 1990 жылы Мәскеу патриархы Пимен қайтыс болған соң өткізілген патриархтық таққа сайлауға қатысқан митрополит Филарет жеңіліс тапты. Мәскеу патриархы болып II Алексий таққа отырды.

Бұрынғы кеңестер одағындағы саяси өмірдің либерализациялануы, қайта құру және жариялық саясаты нәтижесінде туындаған Батыс Украина аймағында ұлттық сананың өсуі діни санаға да ықпал етті.

Украинадағы канондық тұрғыда мойындалмаған Киев патриархатының Украина ПШ тарихы 1992 жылдан басталады. Бұл діни құры-

лым 1992 жылы Мәскеу патриархатының УПШ басшысы митрополит Филареттің бөлінушілік қызметінің нәтижесінде пайда болды. 1992 жылы маусымда өткен ОПШ Архиерей Соборында митрополит Филаретті шіркеулік және діни лауазымдарынан айыру туралы қаулы қабылданды. 1992 жылы маусымда Киев патриархатының УПШ құрылтай Соборы өтті. Бұл шіркеу өз тарихын Константинополь ПШ юрисдикциясында болған Киев митрополиясынан бастайды. 1686 жылы Киев митрополиясы Константинополь патриархатынан күшпен шығарылып, Мәскеу патриархатының юрисдикциясына кіргізілген болатын. 2008 жылы Киев Русінің шоқынуының 1020 жылдығына арналған мерекелік салтанатында Ғаламдық патриарх I Варфоломей Киев митрополиясының Мәскеу патриархатына 1686 жылы берілуін Мәскеу патшалығының Украинаны аннексиялауынан туындағанын атап көрсетті. Бұл шіркеумен канондық емес Македония ПШ және Черногория ПШ евхаристиялық қатынас орнатқан. 1995 жылы қазанда Филарет Киев патриархатына қарасты Украин ПШ патриархы болып сайланды. 1997 жылы ОПШ Мәскеу патриархаты митрополит Филаретке анафема (қарғыс) жариялады.

Қазіргі таңда Украинада үш православтық шіркеу, Мәскеу патриархындағы УПШ және Киев патриархатындағы УПШ және Украин автокефальды православ шіркеуі әрекет етуде. Әлемнің помещьелік православиялық шіркеулері тек МП УПШ канондық тұрғыда мойындаған. Қазіргі таңда МП УПШ және КП УПШ арасында мүліктік даулар туындауда. Украинаның батыс және шығыс өңірінде қалыптасқан ұлттық-діни ахуал ұлттық бірегейлікке кері әсерін тигізуде. «Егер Ресей мен Польшада дін ұлтты біріктіруші фактор рөлін атқарса, Украинада бұл іске аспауда» [2].

Украинада украин-грек католик шіркеуі шығыс ғұрпындағы помещьелік католик шіркеуі болып табылады. Шіркеу басшысының жоғарғы архиепископтық мәртебесі бар. 2005 жылы тамызда УГКШ резиденциясы Львов қаласынан Киев қаласына көшірілді. УГКШ құрылымдық тұрғыдан 4 митрополияға біріккен. Басқару органы – Синод. 16 діни оқу орны және 20 аса баспасөз құралдары бар. УГКШ Украинаның батыс аймақтарында орналасқан.

Украинадағы латын ғұрыпындағы католиктер 6 диоцезге біріккен. 1994 жылы латын ғұрпындағы католиктік епископтарды біріктірген конференция құрылды.

Белоруссиядағы грек католик шіркеуінің

тарихы 1596 жылғы Брест униясынан бастау алады. Белоруссиядағы грек католиктер өз ғұрыптарын сақтаған, әкімшілік тұрғыдан Рим Папасына бағынышты. Белорусс халқының 82% астамы православтар болып табылады. Екі шіркеу арасындағы келіспеушіліктер Константинополь қаласын крестшілердің тонауы, Речь Посполита тұсында православтардың қуғындалуы, XVI-XVII-XIX ғасырларда Ресей аумағында католиктердің қуғындалуы сынды тарихи кеңістік пен уақыт аясында пайда болған мәселелерден туындап отыр. 1990 жылдары ОПШ мен РКШ арасында қатынасқа РКШ миссионерлік қызметі және Украинадағы грек-католик шіркеуіне қатысты ұстанымдар салқының тигізді. Львов, Тернополь, Иван-Франковск православиялық епархияларының қызметінің тоқтатылуы, Львовтағы грек католик архиепископының кафедрасының Киевке көшірілуі және грек-католиктердің шығысқа қарай бет бұруы шіркеулер арасындағы қарым-қатынасқа кері әсер етеді деп атап көрсеткен болатын Патриарх II Алексий.

1997 жылы ОПШ архиерей соборы православияның канондық аумағындағы РКШ қызметін прозелиттік ретінде сипаттады. 1996-97 жылдары ОПШ және Ватикан талқыланатын сауалдармен алмасқан болатын. Алайда кейбір түйткілді мәселелерге байланысты кездесу өтпеді.

Әулие Петрдің ізбасарымыз деп санайтын Ватикан өзін бірінші және ғаламдық шіркеу мәртебесіне иеміз десе, Константинополь патриархаты Халкидон соборы шешімінің 28 ережесінде көрсетілген Константинополь патриархиясының көне Римнен мәртебесінің биіктігін ұстанады. 1054 жылы патриарх Михаил Керуллари және Рим тағының легаты кардинал Гумберттің өзара берген анафемасынан кейін 1274 жылы II Лион соборында рим папасы X Григорий православ шіркеуімен уния жасауды ұсынды. 1277 жылы өткен Шығыс Шіркеуінің соборы бұл шешімді керексіз деп таныды. 1439 жылы Константинополь патриархы османдық түрік әскерінен қауіп төнген кезде Ватиканмен Флорентиялық уния жасауға келіскен болатын. Киев және бүкіл Русь митрополиті Исидор бұл унияны жақтағандықтан Соборда Исидорға кардинал мәртебесі беріледі. Мәскеуде Исидорды латындық ғұрыпты жақтаушы ретінде айыптап оны түрмеге отырғызады. Орыс патшасы I Павел екі шіркеу арасында сұқбаттастық орнатуға көңіл бөлген. Бұл идеяны рим папасы VII Пий қолдаған. Орыс патшасы I Павел католиктік Мальтий орденінің магистрі атанған. 1903 жылы Қасиетті Синодтың католик шіркеуімен сұқбаттастық жолын

іздеу туралы шешімі болған. Патшалы Ресейде болған төңкерістер бұл қадамға кедергі келтірді XIX ғасырдағы орыс ойшылы В.Соловьев христиандықтың батыс және шығыс тармақтарына бөлінуін тарихтың қасіретті қатесі, дәлірек айтқанда ауыр күнә, ал Ресейдің тарихи миссиясы бірігуді бастау деген болатын. XX ғасырда Мәскеу патриархаты тарапынан Ватиканмен митрополит никодим (Ротов) қарым-қатынас жасап, І Иоанн Павелдің қасиетті таққа отыруының жылдығына қатысқан. 1993 жылы Ливанда РКШ мен ПШ арасында богословиялық мәселелер бойынша аралас халықаралық комиссия отырысы өтті. Баламанд келісімі деп аталған арнайы мәлімдеме қабылданды. 2006 жылы мамырда Патриарх ІІ Алексий бұл құжатты католик шіркеуінің шығысқа экспансия жасауына кедергі болмай отыр деп атап көрсеткен болатын. 1054 жылғы анафеманы 1965 жылы Рим Папасы VI Павел және Константинополдық патриарх Афинагор алып тастады. 1965 жылы желтоқсанда Мәскеу және бүкіл Ресей патриархы І Алексий архиепископ Хриз Хризостомға жолдаған жедел хатында «бұл актіні тек Константинополь помещьелік шіркеуінің шешімі деп қараймыз» деп көрсеткен еді.

Бұл әрекет православ шіркеуі үшін богословиялық маңызға ие емес делінген. Православ және РКШ тек өздерін ғана бірыңғай қасиетті, Соборлы және апостольдық шіркеу деп санайды.

2016 жылы ақпанда Гавана қаласында Мәскеу және Бүкіл Ресей патриархы Кирилл және Рим папасы Франциск арасында мың жылдан кейінгі тарихи кездесу өтті. Кездесу екі шіркеу басшыларының латынамерикасына жасаған пастырлық сапарына тұспа-тұс келді. Батыс және Шығыс христиандық тарихындағы даулы мәселелер мен қақтығыстың салқыны бұл кездесуге ауыртпалық түсірмеуі үшін кәрі құрлықта емес латынамерикасында жүздесті. Сонымен қатар, тарихи кездесу культтік және сакральды кеңістіктен тыс әуежай ғимаратында өтті. Христиандық өркениеті аясында болған бұл кездесу екі шіркеудің қарым-қатынасын сауықтыру жолында маңызды тарихи қадам болып саналады. Бұл кездесудің рухани-адамгершілік, саяси және өркениеттік мәні зор. Кездесу барысында екі шіркеу басшылары бір-бірін бауыр деп атады. Батыс және Шығыс шіркеулер басшылары литургиялық және богословиялық мәселелерді емес, заманауи христиандық, әлемдегі бейбітшілік, ар-ождан бостандығы, отбасы құндылықтары мен Украинадағы униаттық шіркеу, Таяу Шығыс және солтүстік Африкадағы христиан-

дардың қуғындалуын екі сағаттай талқылап, кездесу соңында 30 баптан тұратын декларацияға қол қойды. Аталмыш құжат христиандық мәдениет және адамзат өркениетінің өзекті мәселелерін қозғады. Декларацияның 5 бабында алғашқы он ғасырлық ортақ Мирасқа қарамастан католиктер мен православтар мың жылдай евхаристиялық қатынасты жоғалтуы және бірліктің болмауы бұл пенделік әлсіздік пен күнәһарлықтан туындағаны, 7 бапта Христос Евангелиясы және шіркеудің мың жылдай ортақ мұрасы туралы куәлік ету үшін күш-жігерді біріктіру керектігі және қазіргі әлемнің сын-қатерлеріне біріге жауап беру ете отырып, православтар мен католиктер ақиқаттың мүмкін және қажетті салаларында үндесті куәлік етуді үйренуі тиіс екендігіне назар аударылады. Адамзат өркениеті дәуірлік өзгерістер кезеңіне аяқ басқан алмағайып заманда христиандық ар-ұят және пастырлық жауапкершілік біріккен жауапты талап ететін сын-қатерлерге қатыссыз отыруға жол бермейтіндігі, 8 бапта Таяу Шығыс және Солтүстік Африкада христиандардың отбасылары, деревнялары мен қалалары жойылуы және христиандық діні таралған тарихи аймақтардан Сирия, Ирак, – Таяу Шығыстан христиандардың жаппай кетуі баяндалады. 13 бапта дінаралық сұқбаттастық мәселесі, 16 бапта Батыс және Шығыс Еуропа христиандарын Христос және Евангелия туралы біріккен куәлік үшін бірігу мәселесі, Еуропа халқын екі мың жылдық христиандық дәстүрді сақтауға шақыру қажеттігі айтылады. 14 бапта діни бостандық, 19 бапта отбасы адам мен қоғам өмірінің негізі екендігі, 20 бапта неке ер мен әйел арасындағы ерікті және адал махаббат актісі екендігі, 21 бапта адамның өмір сүру құқығы, аборт, эвтаназия, биомедициналық репродуктивтік технология, 22 бапта христиан жастарын діни дәстүрге адал болу мәселесі, 24 бапта қазіргі әлемде Христос Евангелиясын уағыздауда бірігу миссиясы, прозелитизмнің барлық формаларын қабыл алмау туралы және 24 бапта екі шіркеу «біз бәсекелес емеспіз, біз бауырмыз. Осы түсінік пен ұстанымды бір-бірімізге және сыртқы әлемге қатысты бүкіл іс-қимылымызда басшылыққа алуымыз қажет» деп көрсетілген. Сонымен қатар, екі шіркеу бір-бірінің канондық аумағында және христиандық шіркеулер орныққан кеңістікте прозелитизммен айналыспауға келісті.

25, 26, 27 баптарда Украинадағы грек католиктік шіркеуі (униатизм), Украин православ шіркеуі, Украинадағы саяси жағдай қозғалады. Канондық емес Киев Патриархатының правос-

лав шіркеуінің басшысы Филарет осы пунктерді Патриарх Кирилл мен рим Папасы Францискінің талқылауын негізсіз тұжырым деп атап көрсетті. Оның пікірінше, декларацияда объективті емес пайымдар мен екі ұшты тұспалдар басым, әрі зайырлы дипломатиялық ұстанымдар бар. Украин грек-католик шіркеуінің басшысы тақуа Святослав Украинаға қатысты баптарға көңілі толмайтындығын атап көрсетті. Кездесу нәтижелерін түйіндесек: қазіргі әлемде барлық христиандық шіркеулер бірігуі керек, еуропалық халықтар рухани жан дүниесін сақтау үшін дініне адал болуы керек, Сирия, Ирак және Таяу Шығыста христиандарды қудалауды тоқтату, прозелитизмнің барлық формаларынан бас тарту, Украина православ діндарларының бірлігін сақтау, Украиналық православ және грек-католик шіркеулерін келісімге шақыру, Украинадағы

барлық шіркеулерді қоғамдық келісімге келуге және қақтығысты бейбіт жолмен шешуге шақыру декларацияда айқындалды. Патриарх Кирилл бұл кездесудің ұйымдастырылуы туралы бес адамның хабардар болғандығын жариялады. 2014 жылы екі шіркеу басшылары кездесуі жоспарланған. Алайда, Украинадағы жағдай мен униаттық шіркеу мәселесі кездесудің өтуіне кедергі болған. Қазіргі христиандық мәдениетті ұстанатын елдер ортақ христиандық құндылықтар негізінде бірігуге назар аудары бастады. Батыс әлемінің саяси және діни қайраткерлері христиан мәдениетінің тарихи түп-тамыры мен құндылықтары осы сенімді ұстанатын әлем халықтары үшін ортақ рухани мұра екендігін алға тартуда. Бұл кездесу түрлі сенімдік және ғұрыптық бағыттарға бөлінген ислам өркениетінің өзара дұрдараз елдеріне үлгі боларлықтай.

Әдебиеттер

- 1 Қазақстан–2050 Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Егемен Қазақстан. – 2012. – 15 желтоқсан.
- 2 Воропай Т.С. Дискурс национального у В. Соловьева современные споры о национальной идентичности. Россия и Вселенская церковь. – М., 2004. – С. 263.

References

- 1 Kazakhstan–2050 Strategyasy kalyptaskan memlekettin zhana sayisi bagyty. Egemen Kazakhstan. – 2012. – 15 zheltoksan.
- 2 Boropay T.S. Diskurs natsionalnogo u V.Solovieba sobremennye spory onatsionalnoi identichnosti.Rossia I Bselenskay tserkob. – M., 2004. – S. 263.